

"Кенесары ескерткіші" объектісін Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 мамырдағы N 424 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының теңгеріміндегі және Астана қаласы, Ә.Бөкейхан көшесінде орналасқан "Кенесары ескерткіші" объектісі Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Астана қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен жоғарыда аталған объектіні қабылдап алу-беру жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі